

Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті

Ақжан Машани атындағы Базалық білім беру институты

Қазақ тілі кафедрасы



Г.Т. Тұрсынова

Г.Д. Рыскелдиева

СИНТАКСИС ТАРАУЫНА ҚАТЫСТЫ ТАПСЫРМАЛАР

(Қашықтықтан білім беру институты бойынша оқитын студенттер үшін)

Алматы 2012

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР: Г.Т.Тұрсынова, Г.Д.Рыскелдиева. Синтаксис тарауына қатысты тапсырмалар (Қашықтықтан білім беру институты бойынша оқитын студенттер үшін). – Алматы: ҚазҰТУ, 2012. 69 б.

Қашықтықтан білім беру институты бойынша оқитын студенттеріне арналған синтаксис тарауына қатысты тапсырмалар Мемлекеттік стандарттың кәсіби мамандандырылған талаптарына сай құрастырылған. Әдістемелік нұсқауда қазақ тілі грамматикасының негізгі салалары мен бағдарламаға сәйкестендірілген нұсқалық, тестік тапсырмалар қамтылған.

Әдебиеттер тізімі – 44 атау.

Пікір жазған – фил.ғыл.канд., профессор Ұ.Р.Шүленбаева

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы бекіткен Типтік оқу бағдарламасына сай басылды.

Құрама жоспар 2012

Тұрсынова Гүлбаршын Тұрсынқызы,
Рыскелдиева Гүлдария Дәулетқазықызы

СИНТАКСИС ТАРАУЫНА ҚАТЫСТЫ ТАПСЫРМАЛАР

(Қашықтықтан білім беру институты бойынша оқитын студенттер үшін)

Редакторы

Жақсыбаева Т.

БЕКІТІЛГЕН – Ақжан Машани атындағы Базалық білім беру институтының ҒӘК
төрағасы Р.Ш.Бердібаев 24.04. 2012 ж.

КЕЛІСІЛГЕН – Қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі Г.Т.Тұрсынова 21.02.2012ж.

Басуға қол қойылды _____ 2012ж.

Таралымы _____ дана. Пішімі 60x84. №1 баспаханалық қағаз.

Тапсырыс № _____ Көлемі _____ оқу-баспа табақ. Бағасы келісімді.

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің басылымы
ҚазҰТУ-дың Ғылыми-техникалық баспа орталығы,
Алматы қ., Ладыгин көшесі, 32.

КІРІСПЕ

Тілден биік асқар жоқ,
тілден асқан байлық жоқ,
тілден терең теңіз жоқ.

Ғ. Мүсірепов

Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, әлемдік білім кеңістігіне енуі – қашықтықтан оқыту жүйесіне мүмкіндік туғызып отыр. Осыған орай республикамызда орта, арнаулы, жоғары оқу орындарында оқытуды жаңа технологияға көшіру, модульді оқыту кең түрде қолдану жолға қойылды. Сондай-ақ, «Қазақ тілі» пәні бойынша барлық мамандықтағы сырттай оқитын студенттерге қашықтықтан білім беру жүйесі іске асырылуда.

Әдістемелік нұсқау студенттерге күнделікті қоғамдық-әлеуметтік және тұрмыс-тіршілік қатынаста қолдануға қажет білім, білік, дағдыны меңгертуге бағытталған. Еліміздің түкпір-түкпірінде техника саласы бойынша маманданып жүрген өзге ұлт студенттерін қазақ тілі пәні бойынша білімдерін шыңдауға арналған. Әдістемелік нұсқауда қазақ тілі бойынша теориялық мәліметтер, нұсқалық тапсырмалар, грамматика бойынша тірек сөзбалар, оларды пысықтауға арналған тапсырмалар, білім тексеру тесттері жүйеленіп берілген.

Әдістемелік нұсқаудың жалпы мақсаты – техникалық жоғары оқу орны студенттеріне мемлекеттік тілдің грамматикалық қырларын қашықтықтан меңгерту. Тілді қатысымдық тұрғыда меңгеру – олардың өздерінің сөздік қорын тұрмыс-тіршілікте, қоғамдық-әлеуметтік салада және оқу үрдісінде еркін пайдаланып, сауатты жаза білуінде көрініс береді.

Қашықтықтан оқу студенттен шығармашылық ізденістерді қажет етеді. Оқытудың өзі, нәтижеге бағытталған білім беру болғандықтан, әдістемелік нұсқау мазмұнында оқыта үйретуге байланысты тапсырмалар, практикалық жаттығулар, тест сұрақтары берілген.

Қашықтықтан оқыту үшін оқытудың жалпы дидактикалық бес әдісін қолдануға болады: *ақпараттық-іздену, репродуктивті, мәселелік мазмұндау, эвристикалық, зерттеу*. Әдістемелік нұсқауда осы әдістердің барлығына, соның ішінде деңгейлеп оқытуға негізделген коммуникативтік бағдарлап үйрету әдісіне құрылды. Бұл студенттің оқу және сөйлеу дағдыларын дамытуды мақсат етеді.

Синтаксис

Қазақ тіліндегі сөздердің орын тәртібі

Для казахского языка характерен строгий порядок слов:

1. Глагол-сказуемое стоит в конце предложения: *Студенттер* аудиторияда **отыр**. (Студенты сидят в аудитории).
2. Определение стоит перед определяемым словом. М.: *Студенттер жарық* аудиторияда отыр (Студенты сидят в светлой аудитории).
3. Вопросительное слово при отсутствии глагола-сказуемого стоит на последнем месте. М.: Мынау ше? (А это?) Бесінші жатақхана **қайда?** (Где пятое общежитие?)
4. При наличии в предложении глагола-сказуемого вопросительное слово ставится перед ним. М.: Акмарал **қайда** отыр? (Где сидит Акмарал?) .

Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері

Қазақ тілінде сөйлемдер мағынасы мен мақсатына, айтылу сазына қарай 4 түрге бөлінеді:

1. Хабарлы сөйлем (повествовательное предложение).
2. Сұраулы сөйлем (вопросительное предложение).
3. Бұйрықты сөйлем (побудительное предложение).
4. Лепті сөйлем (восклицательное предложение).

Хабарлы сөйлем. Белгілі бір оқиға, құбылыс туралы ойды екінші біреуге жай хабарлап айтылған сөйлемді – **хабарлы сөйлем дейміз**. Мысалы: 1) *Ақылды, қарақылды қырыққа бөлмек (Абай)*. 2) *Жолаушылар Ақшоқыдан шыққанда, Қорық бойында тек шұбартқан көпір, қалың мал көрінгені болмаса, тігілген үй, жалғасқан ауыл жоқ еді*.

Сұраулы сөйлем. Бір нәрсе жайында сұрай айтылған сөйлемді **сұраулы сөйлем дейді**. Сұраулы сөйлем 2 жолмен жасалады:

1. **Сұраулық шылаулар -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе** жалғаулары арқылы. Мысалы: *Жеткен жерің осы ма?*

2. **Сұрау есімдіктері (қай? қашан? кім? қайда? не? қайдан? неге?)** арқылы жасалады. Мысалы: *Бұл кім болды екен?*

Кейде сұраулық шылаулары түбір сөз бен жіктік жалғауларының арасынан келіп **-мы, -мі, -бы, -бі, -сы, -ні** формасында да кездеседі. Мысалы: *Сен немене тоңып қалғанбысың? Бұл қайсың, Мұратпысың?*

Лепті сөйлем. Адамның әртүрлі көңіл-күйін білдіру мақсатымен қолданылатын сөйлем – **лепті сөйлем деп аталады**. Лепті сөйлемдердің мағыналары көңіл-күйіне, қуану, ренжу, таңдану, аяу, өкіну, қорқу сияқты мақсатта айтылады да, айтылу әуені, интонациясы өте асқақ, көтеріңкі болады. Мысалы: *Әй, өзі де Шұға десе, Шұға еді-ау! (Б.Майлин)*

Восклицательные предложения служат для выражения чувств, предложения эмоций (горя, радости, удивления, восхищения и т.д.) В конце восклицательных предложений ставится восклицательный знак. Восклицательные предложения произносятся с сильным чувством, с восклицанием. Например: *Айналама қарасам, елім қандай тамаша!*

Бұйрықты сөйлем. Біреуге бұйыру, зеку, тілек, өтініш немесе бір нәрсені талап ету мақсатымен айтылған сөйлем – **бұйрықты сөйлем деп аталады.** Мысалы: *Балам жөніңді айтшы.*

1. Бұйрықты сөйлем бәсең дауыспен айтылып, жазғанда соңына нүкте қойылады.

2. Ал кейбір бұйрықты сөйлемдер бұйыру, талап ету мағынасында көтеріңкі дауыспен айтылғанда, соңына леп белгісі қойылады. Мысалы: *Тұс төмен! Сал алғыңды алақаныма!(М. Иманжанов).*

Бұйрықты сөйлем әртүрлі дауыс ырғағымен айтылады да, II жақта тұрады. Мысалы: *-А-а, жоғары шық! Жоғары шық! Мен шай қойдырайын!*

Побудительные предложения в казахском языке передаются глаголом повелительного наклонения второго лица единственного или множественного числа. Нап.: *Балам, жөніңді айтшы!* (М.Ә)

Цель побудительных предложений – побуждение собеседника к совершению и прекращению действия. В зависимости от характера побуждения (просьба, приказ, призыв) побудительное предложение произносится с различной интонацией. В качестве грамматического средства выражения побуждения используется повелительное наклонение.

Мысалы: *Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба...* (Абай)

Сөйлем мүшелері

Сөйлем мүшелері атқаратын қызметіне қарай бес түрге бөлінеді:

1. Бастауыш; 2. Баяндауыш; 3. Анықтауыш; 4. Толықтауыш; 5. Пысықтауыш. Бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Анықтауыш, толықтауыш және пысықтауыш сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері.

Как в русском, так и в казахском языке, члены предложения делятся на главные (тұрлаулы) и второстепенные (тұрлаусыз). Так же, как и в русском языке к главным членам предложения относятся: подлежащее и сказуемое.

Подлежащее (бастауыш), которое отвечает на вопросы **кім? кімдер? (кто?), не? нелер? (что?)** и может выражаться всеми частями речи. Например: Әмина (зат. есім) оған сәлем айтты. Мен (есімдік) тұздамадым. Өзім (өздік есімдігі) айтпадым.

Сказуемое (баяндауыш) отвечает на вопросы **не істеді? не қылды? не етті? қайтті? (что делал? что сделал?)**, а также может быть выражено различными частями речи. Например: Ажар сабақта отыр. Сен құрылысшысың. Мен тоғыздамын. Айтқанмен.

Тұрлаусыз мүшелер Анықтауыш

Тұрлаусыз мүшелер өздігінен сөйлем құрай алмайтын, тек сөйлемдегі ойды толықтырып тұратын мүшелер		
Ережесі	Сұрақтары	Мысалдар
Сөйлемде зат есімнен болған мүшені сын, сапа, басқа да түрлі белгілері жағынан сипаттап тұратын тұрлаусыз мүшені – <i>анықтауыш</i> дейміз.	қандай? қай? кімнің? ненің? неше? нешінші? қанша? қаншасыншы?	Ол – <i>ұзын бойлы</i> адам. <i>Жазғы</i> демалыста демаламыз.

Толықтауыш

Сөйлемдегі ойды толықтырып тұратын тұрлаусыз мүшені – *толықтауыш* дейміз. Толықтауыш *барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес* септіктерінің сұрақтарына жауап береді. ***Кімді? нені? кімге? неге? қайда? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен?***

Мысалы: Атасы баласын шақырды. ***Оған*** көмектесу керек.

Толықтауыштың 2 түрі бар: 1. ***Тура толықтауыш.*** Табыс септігінде келетін толықтауышты – тура толықтауыш дейміз. М.: Мен *хатты* (нені?) Шұғаға жазып отырмын (Б.Майлин). 2. ***Жанама толықтауыш.*** *Барыс, жатыс, шығыс, көмектес* септіктерінің бірінде келетін толықтауышты жанама толықтауыш дейміз. М.: Мен тұрып *кемпірмен* (кіммен?) қоштастым (Б. Майлин). *Тілде тиек, ерінде сүйек жоқ* (мақал).

Пысықтауыш

Ереже	Сұрақтары	Мысалдары
Сөйлемде іс-қимылдың түрлі белгісін, мекенін, мезгілін, амалын, себебін, мақсатын білдіретін мүше.	қайдан? қайда? қалай қарай? қашан? қашаннан бері? қалай? қалайша? қайтіп? неліктен? не үшін? неге? не мақсатпен? қаншалықты? қанша?	Ол қалада тұрады. Ертең апам келеді. Олар бірталай жүрді.

Пысықтауыштың түрлері. Пысықтауыштар білдіретін мағыналарына қарай бес түрге бөлінеді: 1. Мезгіл пысықтауыш. 2. Мекен пысықтауыш. 3. Сын-қимыл пысықтауыш. 4. Себеп пысықтауыш. 5. Мақсат пысықтауыш.

Мезгіл пысықтауыштың сұрақтары: Қашан? қай кезде? қай уақытта? қашаннан бері? қашанға дейін? т.б.

Мекен нысықтауыштың сұрақтары: Қайда? қай жерде? қайдан? қалай қарай? қай жерге дейін? т.б.

Қимыл-сын нысықтауыштың сұрақтары: Қалай? қайтып? қалайша? кім арқылы? не арқылы? қанша? қанша рет? неше? неше рет? т.б.

Себеп нысықтауыштың сұрақтары: Неліктен? неге? не себепті?

Мақсат нысықтауыштың сұрақтары: Кім үшін? не үшін? неге? қандай (нендей?) мақсатпен?

Салалас құрмалас сөйлемдер

Құрамындағы жай сөйлемдерінің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде байланысқан құрмалас сөйлемнің түрін – *салалас құрмалас* дейміз.

Мысалы: Айгүл аттан түсіп еді, су қайта таязданып қалғандай екен.

Сложносочиненным предложением называется такое предложение, которое состоит из независимых одно от другого предложений, образующих в смысловом отношении единое целое.

По способу связи сложносочиненные предложения делятся: на **бессоюзные** и **союзные**. М.: Көктем келді, күн жылынды. (Пришла весна, стало тепло). Көктем келді де, күн жылынды. (Пришла весна, и стало тепло).

Құрамындағы жай сөйлемдердің бір-бірімен мағыналық қарым-қатынасына қарай салалас құрмалас сөйлем 6 түрге бөлінеді:

1. Ыңғайлас жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем.
2. Қарсылықты жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем.
3. Себеп-салдар жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем.
4. Талғаулы жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем.
5. Кезектес жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем.
6. Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем.

Ыңғайлас жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдер

Құрамындағы жай сөйлемдерінің бірінде айтылған ойға екіншісінде айтылған ойдың мезгілдес, бағытас, ыңғайлас мәнде қарым-қатынаста болуын *ыңғайлас салалас* дейміз.

Жалғаулық шылаулар (Соединительные союзы)	Мысалдар (Примеры)
Ыңғайлас жалғаулықты салалас (Соединительные союзы): <i>және, да, де, та, те, әрі (и, к тому же).</i>	1. Қадырдың киімі жұқа, әрі денсаулығы да мықты емес. (У Кадыра тонкая одежда, да и здоровье не сильное). 2. Күн жылыды да, қар ереді. (Потеплело, и снег растаял).

Себеп-салдар жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдер

Құрамындағы жай сөйлемдер өзара алдыңғысы соңғысының немесе соңғысы алдыңғысының себебін білдіретін салалас құрмаластың түрін *себеп-салдар* салалас дейміз.

Жалғаулық шылаулар (Соединительные союзы)	Мысалдар (Примеры)
Себеп-салдар жалғаулықты салалас (Причинно-следственные союзы): <i>сондықтан, сол себепті, өйткені, неге десеңіз (поэтому, потому что, по той причине).</i>	1. Ең жақсы тіл – ана тілі, сондықтан оны құрметтеу керек. 2. Біз киноға барған жоқпыз, себебі емтиханға дайындалдық.

Кезектес жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдер

Құрамындағы жай сөйлемдері арқылы берілген істің, оқиғаның кезектесіп келуін білдіретін салалас сөйлемнің түрін – *кезектес салалас* дейміз.

Кезектес салалас *бірде, біресе, кейде* деген кезектес мәнді жалғаулық шылаулар арқылы жасалады.

Мысалы: Бересе жаңбыр жауды, біресе қар жауды. Баяу ескен жел бірде басылады, бірде толқып жасыл шөптердің бастарын ақырын ғана ырғайды.

Қарсылықты жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдер

Құрамындағы жай сөйлемдердегі істің, оқиғаның өзара қарама-қарсы мәнде жұмсалатынын білдіретін салаластың түрін – қарсылықты салалас дейміз.

Қарсылықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдер өзара іргелес тұрып та, жалғаулық шылаулар арқылы да байланыса береді.

Жалғаулық шылаулар (Соединительные союзы)	Мысалдар (Примеры)
Қарсылықты жалғаулықты салалас (Противительные союзы): <i>бірақ, алайда, дегенмен, әйтсе де, сонда да (но, однако, иначе, все-таки).</i>	1. Ән басылып қалды, бірақ гитара сазы тоқалған жоқ.

Талғаулы салалас құрмалас сөйлемдер

Құрамындағы жай сөйлемдер өзара болжамдық қатынаста болады да, тек біреуіндегі істің, қимылдың жүзеге асатындығын көрсетеді.

Мысалы: Қазір не жаз басындағы жастардың арасында таң атқанша

отырып өлең айтатын сайранды сауық жоқ, не көңіл көтеретін елдің бас қосқан той-топыры жоқ. (Х.Есенжанова). Теледидар көрейік не дойбы ойнайық.

Талғаулы салалас не, немесе, я, яки, болмаса, әйтпесе, не болмаса, я болмаса, әлде деген шылаулардың қатысуы арқылы жасалады.

Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдер

Құрамындағы жай сөйлемдердің алдыңғысы соңғысына нұсқап, ал соңғысы алдыңғы сөйлемнің мазмұнын ашатындай, талдап түсіндіріп тұратын құрмаласты – *түсіндірмелі салалас* дейміз.

Түсіндірмелі салаластың жай сөйлемдері жалғаулықты шылаусыз, іргелес байланысады. Бірінші жай сөйлемде көбінесе сілтеу есімдіктері мен сілтеу мәнді сөздер (*мынау, мынаны, сол, сонша, соншалық, сондай*) болады.

Түсіндірмелі салаластың ара жігіне қос нүкте не сызықша қойылады. Сызықша *сонша, соншалық, сондай* деген баяндауышы бар сөйлемдерде жиі қойылады.

Мысалы: Сол 1926 жылы қазақ мәдениетінің тарихында зор бір оқиға болды: тұңғыш рет қазақтың ұлттық театры ашылды (Ы. Дүйсенбаев).

Сабақтас құрмалас сөйлемдер

Сложноподчиненными предложениями называются такие предложения, которые состоят *из главного (басыңқы) и придаточного (бағыныңқы) предложений.*



Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Бағыныңқысы басыңқыдағы істің мезгілін білдіретін сабақтастың түрін – *мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас* сөйлем дейміз.

Придаточное времени указывают на время действия главного предложения, и отвечают на вопросы *қашан?* (когда?), *қашаннан бері?* (с каких пор?), *қашанға шейін* (до каких пор?)

Жасалу жолдары:

Путем прибавления к причастию суффиксов: *-да, -де*. М.: Мен кел-ген-де, сен үйде жоқсың. (Когда я пришел, тебя не было дома).

Путем применения после причастия с окончанием барыс септік частиц *шейін, дейін*. М.: Күз болғанда, құстар жылы жаққа кетеді.

Путем применения к причастию с окончанием шығыс септік частиц *кейін, соң, бері*. М.: Емтихан тапсыр-ған-нан кейін, үйге барамыз. (После сдачи экзаменов, поедем домой).

Путем прибавления к корню глагола деепричастий *-қалы, -келі, -ғалы, -гелі*. М.: Байсал Құнанбаймен араздасып кеткелі, Абаймен Жиреншенің кездескені осы.

Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Бағыныңқысы басыңқыдағы істің мақсатын білдіретін сабақтастың түрін – *мақсат бағыныңқылы сабақтас* құрмалас сөйлем деп атаймыз.

Придаточные цели указывают на цель действия главного предложения, и отвечают на вопросы *не мақсатпен?* (с какой целью?), *не үшін?* (для чего?), *неге?* (зачем?).

Жасалу жолдары:

Путем прибавления к причастию суффиксов: *-ша, -ше*. М.: Мен кел-ген-ше, сен үйде отыр. (Пока я не приду, сиди дома).

От исходной формы глагола с послелогом (тұйық етістіктен кейін *үшін* шылауының келуі арқылы) *үшін*. М.: Институтқа ерте жету *үшін*, біз тез жүрдік. (Для того, чтобы пораньше прийти в институт, мы шли быстро).

От повелительной, условной, желательной форм глагола со вспомогательным словом *деп*. М.: Қыстың ызғары жетпеу үшін, қоңыз інді терең қазады.

Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқысы басыңқыдағы істің, амалдың қалай орындалғанын білдіреді.

Придаточные образа действия показывают как происходит действие в главном предложении и отвечают на вопросы *қалай?* (как?), *қайтіп?* *не етіп?* (каким образом?).

Бағыныңқы сабақтас (Придаточные предложения)	Бағыныңқының баяндауышы (Сказуемое придаточных)	Мысалдар (Примеры)
Қимыл-сын бағыныңқылы (Придаточные образа действия)	1. Көсемшенің -а, -е, -й, -ып, -іп, -п жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. (Путем прибавления к корню глагола деепричастий -а, -е, -й, -ып, -іп, -п). 2. Есімшеге -дай, -дей жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. (Путем прибавления к причастию суффиксов -дай, -дей).	1. Жел күшей-іп, ауа райы бұзыла бастады. 2. Оны біреу асықтырғандай, ол жазуын шапшаң жазып отыр.

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Басыңқыдағы іске бағыныңқыдағы айтылған іс, оқиға мазмұнына қарама-қарсы мағыналық қатынаста келетін сөйлемдерді қарсылықты бағыныңқылы сабақтас дейміз.

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас **қайтсе де? не етсе де? қайткенмен? не еткенмен? (несмотря ни на что?)** деген сұрақтарға жауап береді.

В придаточном уступительном предложении придаточные имеют противоположное главному значение: действие главного предложения совершается как бы вопреки условиям, поставленным в придаточном предложении. Мысалы: Екі көзі алдында жатқан балада болғанмен, төр жақта айтылып жатқан сөздерге Көпейдің сергек зейін салып отырғаны байқалады. (Ғ. Мүсірепов)

Бағыныңқы сабақтас (Придаточные предложения)	Бағыныңқының баяндауышы (Сказуемое придаточных)	Мысалдар (Примеры)
Қарсылықты бағыныңқылы (Придаточные уступительные)	1. Есімшеге көмектес септігінің -мен жалғауының жалғануы арқылы жасалады. (От причастий с окончанием көмектес септік -мен). 2. Шартты райлы етістікке -да, -де шылауларының жалғануы арқылы жасалады. (Путем прибавления после условной формы глагола частиц -да, -де).	Күн жарқырап тұрған+ мен , қатты аяз. (Хоть и светит солнце, стоит сильный мороз). Тез жүрсе де , пойызға үлгермей қалды. (Хоть и ехал быстро, на поезд не успел). Сабақ оқуға уақыттары аз бол+ а тұр+ а , емтиханды жақсы

	3. -а, -е, -й жұрнақты көсемше түрінен болады. (От деепричастий с суффиксами -а, -е, -й).	тапсырды. (Хоть у них и было мало времени на подготовку, они хорошо сдали экзамены).
--	--	--

Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Сабақтас құрмаластың бағыныңқы сөйлемі басыңқы сөйлемдегі іс-әрекеттің жүзеге асу, не аспау шартын білдіретін сабақтас сөйлем шартты бағыныңқылы сабақтас деп аталады.

Условные придаточные предложения указывают на условия, при которых происходит действие главного предложения, и отвечают на вопросы *қайтсе? не емсе? қайткенде? не еткенде? (при каком условии?)*. Мысалы: Егер Жұмабек тура осыдан бастаса, Ушаковтың зіл айтарлық себебі де болмас еді.

Бағыныңқы сабақтас(Придаточные предложения)	Бағыныңқының баяндауышы (Сказуемое придаточных)	Мысалдар (Примеры)
Шартты бағыныңқылы (Придаточные условия)	1. Етістіктің шартты рай түрінен болады. (От условной формы глагола). 2. Етістіктің болымсыз түріне -йынша, -йінше жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. (Путем прибавления к отрицательной форме глагола суффиксов йынша, -йінше).	Қар жау+ са , балалар қуанады. (Когда идет снег, дети радуются). Жаңа жұмысшыларға техника қауіпсіздігін түсіндірме+ йінше , шахтаға жіберуге тыйым салынған. (Новым рабочим запретили спускаться в шахту, пока их не ознакомят с правилами техники безопасности).

Синтаксис тарауына қатысты тапсырмалар

I нұсқа

1-тапсырма . Сөйлемнің тұрлаулы мүшелеріне мысал келтіріңіздер.

2-тапсырма . Сөйлем айтылу мақсатына қарай неше түрге бөлінеді?

3-тапсырма . Сөйлемдерден жанама толықтауышты табыңыздар.

Өндіріс орнында екі қарт кісімен амандастым. Сәтбаевпен кездескен сол бір сәттер.

4-тапсырма. Сөйлемді мағынасына, құрамына, түріне және сөйлем мүшесіне талдаңыздар.

Ұлықбек Мұхамед Тарағай – Орта Азияның ұлы астрономы, математигі.

5-тапсырма. Төмендегі сөйлемнен күрделі бастауышты табыңыздар.

Космосқа ең бірінші болып Кеңес азаматы Ю.А.Гагарин жол салды.

6-тапсырма. Сөйлемнің мағынасын анықтап, құрамындағы сөздерді сөз тіркесіне ажыратыңыздар.

Ұлылыққа бәрінен де адалдық жақын.

7-тапсырма. Жұмбақтың шешуін тауып, құрамында неше сөйлем барын анықтап, жұмбақтың шешуіне фонетикалық талдау жасаңыздар.

Сырт-сырт етіп соғады,

Кеудесінде жүрегі.

Өзі тілсіз, сөйлемейді,

Өзі жансыз, жүреді.

(С..ғ..т).

8-тапсырма. Мына сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай қандай сөйлемдер екенін ажыратып айтыңыздар.

– Қыс деген қандай тамаша! Шіркін, жыл бойы қыс бола берсеші! – деді ол. Ит тырнағын жазып жүреді.

9-тапсырма. Төмендегі сөздерден хабарлы сөйлем ойлап жазыңыздар.

Оқшауырақ, оңашаланған, сондайлық.

10-тапсырма. Хабарлы сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдырып жазыңыздар.

Абайлар кеш бата ауылға жетті. Бүгін құрылысшылар күні.

II нұсқа

1-тапсырма. Хабарлы сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдырып жазыңыздар.

Үлкен жігіт болдың. Асқар сөйлейтін сөзіне әзір. Аспан ашық.

2-тапсырма. Бастауыштан кейін сызықшаның қойылу жағдайын түсіндіріңіздер.

Қыран өте қарулы құс. Арқаның аруы – Теміртау сәнді қалалардың бірі.

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті көмекші етістікті қойып жазыңыздар.

Ол – қандай кемеңгер, адал жан

4-тапсырма. Сөйлемге қажетті тыныс белгілерін қойып жазыңыздар.

Өлеңім шарла ауылды

Тыңда дала Жамбылды.

Тыңда Қастек Қаскелең.

5-тапсырма. Мына сөйлемдерден анықтауыштар мен оның анықталатын сөздерін тауып, оларға сұрақ қойыңыздар.

Көсеуім басы – ақ күміс.

6-тапсырма. Мына сөйлемдердегі қарамен жазылған сөздердің сөйлемнің қай мүшесі екендігін тауып, оларға сұрақ қойыңыздар.

Күн терезеге үңілді, **жылы** шуағы жастыққа шашырай **құйылды**.

7-тапсырма. Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қойыңыздар, ол қандай мүше деп аталады?

Ботакөзге тән қасиеттер – **адалдық, әділдік, білімге ұмтылу, досқа берік**, дұшпанға **қатал** болу.

8-тапсырма. Бірыңғай мүшелерді тауып, сөйлемнің қай мүшесі (бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш) болып тұрғанына талдау жасаңыздар.

Әр аттың басындағы аяңшылдық, жүйріктік, шабандық, үркектік, сүріншектік, төзімділік, шөпті таңдап жегіштік сияқты қасиеттерді ол жақсы біледі.

9-тапсырма. Сөйлем ішінен пысықтауышты тауып, сұрақ қойыңыздар.

Туған елге барғанда жасарып, жайраңдап қаласың.

10-тапсырма. Бірыңғай мүшелерді тауып, сұрағын қойып, қай сөйлем мүшесі екенін анықтаңыздар.

Тегінде, жастан бой күтіп дағдыланбай, ас өскендіктен ғой деймін, жуыну, шомылу, тырнақ, шаш алдыру дегендер маған азаптай көрінетін.

III нұсқа

1-тапсырма. Шартты райлы етістік қалай жасалады, қандай бағыныңқылы сөйлемдердің баяндауышы болатынын айтыңыздар.

Ұшы-қиырсыз кең өлкемізге көз жіберсек, барлық жерінен бейбітшілік ісін көреміз.

2-тапсырма. Берілген сөздерді күрделі баяндауыш етіп, сөйлем құрастырыңыздар.

Оқып жатыр, айтып отыр, жалт ете түсті, ұшып кете жаздады, оқыған екен, шалып қалды.

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшалар қосып жазып, бастауыш пен баяндауыштың арасында қандай қиысу бар екенін айтыңыздар.

Мен оған бұл жолы да жолық... Біз не болса да шыдауға бел байладық. Сендер бізден екі-үш күн бұрын кеткен ...

4-тапсырма. Бастауыш пен баяндауыштың арасына не үшін сызықша қойылғанын түсіндіріңіздер.

Адам – ардақты ат.

Ел намысы – ер намысы.

Бес жерде бес – жиырма бес.

5-тапсырма. Сөйлемнен толықтауышты тауып, толықтауыштың қай сөз табынан екенін көрсетіңіздер.

Жомарттың жоспарын Жанат сегіз күн ұстады. Бұған Жанат тек орынбасардың көзімен ғана қараған жоқ.

6-тапсырма. Сөйлемнен толықтауышты тауып, тура толықтауыштың астын бір, жанама толықтауыштың астын екі сызыңыздар.

Көкше, Ақшоқы тауы нар түйедей, қараған адамның қасында тұрған сықылды көрінеді.

7-тапсырма. Берілген сөздерге тиісті септік жалғауларын жалғап, күрделі толықтауыш етіп сөйлем құрастырыңыздар.

Теміржол транспорты, Қарағанды көмір бассейні.

8-тапсырма. Сын есім мен сан есімнен болған анықтауыштың астын бір-бірден, ал олардың анықтап тұрған сөздерінің астын екі-екіден сызыңыздар.

Үй айналасы көк шарбақ. Қала бес-алты есе кеңиді және көркем биік үйлер салынады.

9-тапсырма. Жақша ішіндегі сұраулардың орнына тиісті анықтауышты қойып жазыңыздар.

Ұясынан жаңа шығып келе жатқан күн сәулесі Алатаудың (қандай?) шыңдарын күмістей жарқыратып, өзгеше бір сәнге бөлеп жіберді.

10-тапсырма. Төмендегі анықтауыштарды қатыстырып, сөйлем құрстырып жазыңыздар.

Қос, күздің, қарт, сұр, кеспелтек.

IV нұсқа

1-тапсырма. Дара анықтауыштың астын бір, күрделі анықтауыштың астын екі сызыңыздар.

Сондай ашық көгілдір аспанның астында көрінген Көкше – аспан астынан өскен кішірек бір аспан секілді. Ол өз ісіне тап-тұйнақтай аса ұқыпты, мәдениетті адам еді.

2-тапсырма. Пысықтауыштың астын бір, оның пысықтап тұрған сөздерінің астын екі сызыңыздар.

Кеудесіне қолын қойып, үндемей ғана бас иді. Абай тобы талмай тыңдап әлі тұр.

3-тапсырма. Қарамен жазылған пысықтауыштың қай сөз табынан болғанын және сұрауын айтыңыздар.

Базаралы **сұрланған жүзбен** ызаланып қалып отыр.

4-тапсырма. Қарамен жазылған пысықтауыштың қай сөз табынан болғанын және сұрауын айтыңыздар.

Осы шаққа дейін тартынып, жүдегендей боп отырған Базаралы **енді** сұп-сұр болған жүзінде **дуылдай** ыза намысы шығып, екі көзі Майбасарға **қадала қарап** жалт етті.

5-тапсырма. Сын-қимыл пысықтауыштың астын бір, пысықтап тұрған сөздің астын екі сызып, сөйлемді сөз табына талдаңыздар.

Жаз айының көз ұялататын шұғылалы күні бүгін тым жоғары, тым нұрлы секілді көрінеді.

6-тапсырма. Берілген сөздерді сын-қимыл пысықтауыш етіп, сөйлем ойлап жазыңыздар.

Жалма-жан, балаша, қатты, асықпай, етпетінен, тапжылмай.

7-тапсырма. Берілген сөздерді мезгіл пысықтауыш етіп, әрқайсысына бір-бір сөйлем ойлап жазыңыздар.

Бүгін, кеше, тал түсте, қыстыгүні, сол кезде, кейінірек.

8-тапсырма. Мезгіл пысықтауыштың астын бір, сын-қимыл пысықтауыштың астын екі сызыңыздар.

Жәнібекті жөнелткен мезгілде күн арқан бойы көтерілген еді. Анда-санда сауысқан шықылықтап ұшып қонады.

9-тапсырма. Берілген сөздерді себеп пысықтауыш етіп әрқайсысына бір-бір сөйлем ойлап жазыңыздар.

Асыққандықтан, білген себепті, қуанғаннан, сен үшін.

10-тапсырма. Берілген сөздерді мақсат пысықтауыш етіп, әрқайсысына бір-бір сөйлем ойлап жазыңыздар.

Көмектесуге, көру үшін, берейін деп, келісуге.

V нұсқа

1-тапсырма. Сөйлемнен мекен пысықтауыштарды табыңыздар.

Жоғары, төмен үйрек, қаз ұшып тұрса сымпылдап.

2-тапсырма. Жақшаның ішіндегі сұрақтардың орнына тиісті мекен пысықтауышты қойып, қай сөз табынан екенін көрсетіңіздер.

Бозжанов балғын жүзін (қайда?) көтеріп, бірнеше секундтей менің бетіме аңыра қарап тұрды.

3-тапсырма. Берілген сөздерді мекен пысықтауыш етіп, әрқайсысына бір-бір сөйлем ойлап жазыңыздар.

Әрі, бері, ілгері, кейін, жоғары, төмен.

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті жіктік жалғауын қосып, бастауыш пен баяндауыштың арасында қандай қиысу барын айтыңыздар.

Мен жиналыстан өте бір қуанышты, жарқын шыраймен шық

5-тапсырма. Сөйлем мүшесіне талдап, олардың қандай жолдар арқылы байланысып тұрғанын айтыңыздар.

Бұрын ондай сөздеріне Абай араласып та, тыңдап та көрмеген еді.

6-тапсырма. Сөйлемдердің мағынасын анықтап, сөйлем мүшесіне талдаңыздар.

Ұйымдасып еңбек ету пайдалы болды.

7-тапсырма. Сөйлемнен мезгіл пысықтауыштарды тауып, қай сөз табынан жасалғанын айтыңыздар.

Ол бүгін келсе, мен ертең жүремін. Қасыңды қаққанша, әлдеқайда алыстап кетеді.

8-тапсырма. Төмендегі мақал-мәтелдердің мағыналарын таратып жазыңыздар.

Адасқанның айыбы жоқ, Қайтып үйірін тапқан соң. Білімді болсаң тозбассың.

9-тапсырма. Берілген жай сөйлемдерді екі-екіден біріктіріп, құрмалас сөйлем жасаңыздар.

Мен уақытты көп оздырмадым. Теңізге түсерліктей бір үлкен қайық жасауға кіріспекші болдым. Қайық жасауға керек ағашты тауып алмақшы болдым. Аралдан қолайлы ағаш іздедім.

10-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерді оқып, мағыналарын анықтап, оларды екі-екіден біріктіріп, құрмалас сөйлем жасаңыздар.

1. Қатты жел тұрды.
2. Теңіздің толқыны күшейді.
3. Аспанды қара бұлт қоршады.
4. Бір кезде сел құйып жіберді.

VI нұсқа

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті жалғаулықты қойыңыздар.

Бұған оның жауабы да әзір еді, ... оның лебізі тез шыға қоймады.

2-тапсырма. Дана, керемет деген сөздердің синонимдерін табыңыздар.

Бұл адам өз ісіне мейлінше берілген, өйткені көп жылғы тәжірибеге, халық даналығына сүйенеді, жерге керемет берілген.

3-тапсырма. Төменде берілген мақал-мәтелдердің мағынасын анықтап, олардың неліктен шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем болып тұрғанын айтыңыздар.

Еңбек етсең ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.

Бұлақты таудан арна ақса,
Теңіз болар аяғы.

4-тапсырма. Сөйлемнен тек бастауыш пен баяндауышты теріп жазыңыздар.

Кешкі тымыққа тынып, жадырап жатқан, жазық су ақырын ғана жағасына соғып дірілдейді.

5-тапсырма. «Уақытты бағала» тақырыбында әңгіме жазып, тұрлаусыз мүшелердің астын сызыңыздар.

6-тапсырма. Қимыл-сын, мекен пысықтауышқа мысал келтіріңіздер.

7-тапсырма. Баспасөз материалдарынан анықтауышқа мысалдар келтіріңіздер.

8-тапсырма. Тура толықтауышқа мысал келтіріңіздер.

9-тапсырма. «Ең таза қала» тақырыбына сөзжұмбақ құрастырыңыздар.

10-тапсырма. «Техника саласының бүгіні, болашағы» тақырыбына дебат ұйымдастырыңыздар.

VII нұсқа

1-тапсырма. Берілген тақырыптың біреуіне шығарма жазыңыздар.

1. Қысқы таң. 2. Өндірісті қала.

2-тапсырма. Сөйлемнің бастауыштарын табыңыздар.

Мен бақшаны сендей етіп өсіремін. Біз биыл да өдірістің қарқынын өсіру үшін студенттер қолдан келген көмегін тигізе деп сенеміз.

3-тапсырма. «Қазақстанның қазба байлықтары» тақырыбында мәтін құрастырыңыздар.

4-тапсырма. Елбасымыз туралы мәтін жазыңыздар.

5-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерден бастауышты тауып, құрылысына қарай талдаңыздар.

Бүгін әнші Жүсіпбек келді. Аталған жерлерге қонақ үйлер де, ас үйлер де тігілген екен.

6-тапсырма. Төмендегі сөздерден сөйлемдер құрастырып, баяндауыш қай сөз табынан жасалғанын айтыңыздар.

Көлік, айтысты, көрді, көгілдір, төрт.

7-тапсырма. Сөйлемнен бірыңғай мүшелерді тауып, сөйлем мүшесіне талдаңыздар.

Соның баурайы әдемі, тоғайлы өзен болатын.

8-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті жалғаулықтар қосып, тиісті тыныс белгісін қойыңыздар.

Ақшоқыда туған өлең ... ән жатталып, көшіріліп, тарап жатты.

9-тапсырма. Берілген сөздермен сөйлем құрастырыңыздар.

Скрипка, рояль, барабан, домбыра, мандолин, сыбызғы.

10-тапсырма. «Ән-көңілдің ажары» деген тақырыпта қазіргі Қазақ әндері жайлы ойтолғау жазыңыздар.

Тестік тапсырмалар

1. Қазақ тіліне тән дыбыстарды табыңыз.

А) Б, В, Г, Ж.

В) Б, Г, К, Қ.

С) Ғ, Қ, Ң, Һ.

Д) Р, С, Ж, З.

Е) К, Қ, З, Т.

2. Сан есімді тіркесті табыңыз.

А) Қызық кітап.

В) Жақсы оқушы.

С) Он екі студент.

Д) Үлкен үй.

Е) Ашық есік.

3. Қатаңнан басталып, қатаңнан аяқталған сөзді табыңыз.

А) Арман.

В) Қайрат.

С) Жел.

Д) Гүл.

Е) Жаз.

4. Көмектес септігіндегі сөзді табыңыз.

А) Ақылмен.

В) Айгүлді.

- C) Әжеме.
- D) Ауылдан.
- E) Үйге.

5. Көп нүктенің орнына керекті әріпті қойыңыз.

Мен...ң ..н..м биыл университетке барады.

- A) Ы.
- B) О.
- C) Е.
- D) І.
- E) А.

6. Апта күндерін ретімен көрсетіңіз.

- A) Бейсенбі, сейсенбі, жұма, сенбі, дүйсенбі, сәрсенбі, жексенбі.
- B) Дүйсенбі, бейсенбі, жұма, сәрсенбі, сейсенбі, сенбі, жексенбі.
- C) Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.
- D) Жексенбі, сенбі, жұма, бейсенбі, сейсенбі, дүйсенбі, сәрсенбі.
- E) Жексенбі, дүйсенбі, сенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сейсенбі.

7. Тұйық етістікті табыңыз.

- A) Барды.
- B) Келген.
- C) Айтады.
- D) Оқу.
- E) Жүр.

8. Көптік жалғаулы сөзді табыңыз.

- A) Үлкенге.
- B) Кітабым.
- C) Үйлер.
- D) Өзіміз.
- E) Күзде.

9. Жаз айларын көрсетіңіз.

- A) Желтоқсан, қаңтар, ақпан.
- B) Маусым, шілде, тамыз.
- C) Наурыз, сәуір, мамыр.
- D) Қыркүйек, қазан, қараша.
- E) Тамыз, қыркүйек, қазан.

10. Жіктеу есімдіктерін көрсетіңіз.

- A) Өз, өзіме.
- B) Бұл, осы.
- C) Мен, сен.
- D) Кім, не.
- E) Әркім, әрқашан.

11. Болымсыз етістіктерді табыңыз.

- A) Барар, жүрер.
- B) Күт, шық.
- C) Айтпа, жазба.
- D) Күледі, сөйлейді.

Е) Оқыған, білген.

12. Табыс септігіндегі сөзді табыңыз.

- А) Ауылға.
- В) Ауылды.
- С) Ауылда.
- Д) Ауылмен.
- Е) Ауылдан.

13. Амандасу ұғымы қай қатарда дұрыс көрсетілген?

- А) Жолыңыз болсын!
- В) Сәлеметсіз бе?
- С) Қош болыңыз!
- Д) Жақсылық тілейміз!
- Е) Қайырлы таң!

14. Етістіктің өткен шақ түрін табыңыз.

- А) Көмектесті.
- В) Көмектесер.
- С) Көмектеседі.
- Д) Көмектеспекші.
- Е) Көмектес.

15. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойыңыз.

Әсия ... жақсы айтады.

- А) Биді.
- В) Күйді.
- С) Сөзді.
- Д) Әнді.
- Е) Өлеңді.

16. Реттік сан есімді табыңыз.

- А) Бесеу.
- В) Екі.
- С) Төртінші.
- Д) Он-ондап.
- Е) Үштен бір.

17. Жіктік жалғаулы сөзді табыңыз.

- А) Мен студентпін.
- В) Әжемнің әңгімесі.
- С) Он бес үй.
- Д) Келген балалар.
- Е) Озат оқушы.

18. Құрамында сын есім бар сөйлемді табыңыз.

- А) Ол жұмыстан келді.
- В) Бұл – біздің үй.
- С) Кітапты кітапханадан алдым.
- Д) Маржан қызыл көйлек киді.
- Е) Әкем ауылда тұрады.

19. Өздік етісті табыңыз.

- A) Асқар жуынды.
- B) Үй жиналды.
- C) Мұрат Айгүлді шақыртты.
- D) Қонақтар ұзақ әңгімелесті.
- E) Сен ертең кел.

20. Қоштасу ұғымы қай қатарда дұрыс көрсетілген?

- A) Аман-есенсіз бе?
- B) Қош келдіңіз!
- C) Қайырлы күн!
- D) Сау болыңыз!
- E) Сәлеметсіз бе?

21. Етістікті табыңыз.

- A) Адам.
- B) Әрқашан.
- C) Барады.
- D) Екі.
- E) Қызыл.

22. Қалау райлы сөйлемді табыңыз.

- A) Мен барайын.
- B) Менің барғым келіп тұр.
- C) Ол ертең барады.
- D) Мен барсам.
- E) Мен кеше бардым.

23. Күрделі етістікті табыңыз.

- A) Жазды.
- B) Айт.
- C) Оқып отыр.
- D) Сөйлеймін.
- E) Біледі.

24. Мезгіл үстеуді табыңыз.

- A) Жоғары.
- B) Әдейі.
- C) Ертең.
- D) Балаша.
- E) Тез.

25. Дұрыс сөйлемді табыңыз.

- A) Мен оқып отырмын кітап.
- B) Мен кітап оқып отырмын.
- C) Кітап мен оқып отырмын.
- D) Оқып отырмын мен кітап.
- E) Кітап оқып отырмын мен.

26. Көсемшені табыңыз.

- A) Сұраған.
- B) Білер.
- C) Күлетін.

D) Келгелі.

E) Айтты.

27. Есімшені табыңыз.

A) Айтқан.

B) Оқығалы.

C) Отырып.

D) Келе жатыр.

E) Барды.

28. Одағайы бар сөйлемді табыңыз.

A) Балам, ойымды дұрыс таптың.

B) Мынау не деп тұр?

C) Уа, шіркін, ән деп осыны айт!

D) Олар кетіп қалды.

E) Алматы - әсем қала.

29. Өзгелік етісті табыңыз.

A) Киілді.

B) Кидірді.

C) Киінді.

D) Киісті.

E) Киді.

30. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойыңыз.

Сіз ... сөйлей аласыз ба?

A) Жоғары.

B) Әдейі.

C) Былтыр.

D) Қазақша.

E) Үлкен.

31. Хабарлы сөйлемді табыңыз.

A) Олар сабаққа дайындалып жүр.

B) Сіз неге сөйлемей отырсыз?

C) Кітапты ал.

D) Күн қандай ыстық!

E) Сіз жауап беріңіз.

32. Құрмалас сөйлемді табыңыз.

A) Жаңбыр жауып тұр.

B) Қар еріді.

C) Қар жауып, күн суытты.

D) Ол Шымкенттен ертең келеді.

E) Бүгін – үлкен мереке.

33. Зат есімді табыңыз.

A) Көк.

B) Тұр.

C) Биыл.

D) Алтын.

E) Мен.

34. Көп нүктенің орнына қай сөзді қоямыз?

... би билейді.

- A) Әнші.
- B) Күйші.
- C) Биші.
- D) Ақын.
- E) Сазгер.

35. Сын есімді табыңыз.

- A) Биік.
- B) Қыс.
- C) Бес.
- D) Отыр.
- E) Бақыт.

36. Шылауы бар сөйлемді табыңыз.

- A) Ол кітап және журнал сатып алды.
- B) Мұрат үйде жоқ екен.
- C) Атам ерте тұрды.
- D) Қыс келді.
- E) Студенттер институтқа келді.

37. Танысу ұғымы қай қатарда дұрыс көрсетілген?

- A) Сен қайда тұрасың?
- B) Сенің атың кім?
- C) Сен қайда оқисың?
- D) Сен қанша жастасың?
- E) Кіруге рұқсат па?

38. Қатаң дауыссыз дыбыстарды табыңыз.

- A) Б, В, Г, Ғ.
- B) К, Д, Ж, З.
- C) Р, Л, М, Н.
- D) П, Т, С, Ш.
- E) Қ, К, П, Б.

39. Құттықтау үшін қолданылатын сөйлемді табыңыз.

- A) Кездескенше.
- B) Қайырлы кеш!
- C) Мерекеніз құтты болсын!
- D) Сау болыңыз!
- E) Аман-есенсіз бе?

40. Жыл мезгілдерін білдіретін сөздерді табыңыз.

- A) Жұма, сенбі, жексенбі.
- B) Түн, кеш, түс.
- C) Көктем, жаз, күз, қыс.
- D) Бүгін, кеше, ертең.
- E) Күндіз, түнде.

41. Жуан дауысты дыбыстарды табыңыз.

- A) А, Ә, Ы, І.

- В) О, Е, Ұ, Ы.
- С) И, Е, О, Э.
- Д) А, О, Ы, Ұ.
- Е) Е, Ә, О, Ө.

42. *Алғыс ұғымы қай қатарда дұрыс көрсетілген?*

- А) Мен сізді ұнатамын.
- В) Кіріңіз.
- С) Сізге көп рақмет!
- Д) Асыңыз дәмді болсын!
- Е) Қайырлы түн!

43. *Күрделі сан есімді табыңыз.*

- А) Жеті.
- В) Қырықтарда.
- С) Жеті жүз алпыс.
- Д) Бесеу.
- Е) Алтыншы.

44. *Күз айларын табыңыз.*

- А) Желтоқсан, сәуір, мамыр.
- В) Қараша, желтоқсан, ақпан.
- С) Қазан, қараша, қаңтар.
- Д) Қыркүйек, қазан, қараша.
- Е) Қаңтар, ақпан, наурыз.

45. *Жинақтау сан есімді табыңыз.*

- А) Он жеті.
- В) Үшеу.
- С) Алтыншы.
- Д) Сексен.
- Е) Қырық жеті.

46. *Сөйлемдегі бастауыштың қай сөз табынан екенін көрсетіңіз.*

- Ажар – әдемі қыз.
- А) Үстеу.
 - В) Етістік.
 - С) Зат есім.
 - Д) Одағай.
 - Е) Сын есім.

47. *Қате жазылған сөзді табыңыз.*

- А) Қытап.
- В) Әдемі.
- С) Қып-қызыл.
- Д) Бала.
- Е) Құлын.

48. *«Жеңіс» сөзінің аудармасын табыңыз.*

- А) Город.
- В) Победа.
- С) Предмет.

- D) Книга.
- E) Школа.

49. Жіңішке дауысты дыбысты табыңыз.

- A) Ә, Ө, І, Е.
- B) А, Ә, Ө, Е.
- C) Ұ, Ү, У, Ы.
- D) Ы, І, И, У.
- E) І, Е, Ұ, Ы.

50. Тәуелдік жалғаулы сөзді табыңыз.

- A) Жеті күн.
- B) Көк базар.
- C) Біздің үйіміз.
- D) Ол – оқушы.
- E) Күміс қасық.

51. Қате жазылған сөзді табыңыз.

- A) Қонақ.
- B) Тоғыз.
- C) Оқуші.
- D) Ғылым.
- E) Еңбек.

52. Қазақ тілінде жалғау нешеге бөлінеді?

- A) 4.
- B) 5.
- C) 2.
- D) 7.
- E) 3.

53. Зат есімнің сұрақтарын көрсетіңіз.

- A) Қандай?
- B) Кім? Не?
- C) Нешінші?
- D) Қашан?
- E) Не істеді?

54. Ілік септігіндегі сөзді табыңыз.

- A) Асқарда.
- B) Асқармен.
- C) Асқардан.
- D) Асқардың.
- E) Асқарға.

55. Көп нүктенің орнына қойылатын септік жалғауын табыңыз.

Ағам отыз...толды.

- A)- дың.
- B)- дан.
- C)- ға.
- D)- ды.
- E)- бен.

56. **Қазақ тіліндегі септік жалғауының санын көрсетіңіз.**
A) 5.
B) 3.
C) 7.
D) 9.
E) 2.
57. **Салыстырмалы шырайды табыңыз.**
A) Сап-сары.
B) Сарырақ.
C) Сары.
D) Тым сары.
E) Өте сары.
58. **Көп нүктенің орнына қажет сын есімді қойыңыз.**
Қарбыздың түсі... болады.
A) Ақ.
B) Тәтті.
C) Ұзын.
D) Жасыл.
E) Қою.
59. **Сұрау есімдігін табыңыз.**
A) Мен, сен.
B) Қанша? Неше?
C) Анау, осы.
D) Өзім.
E) Әрқашан.
60. **Туынды етістікті табыңыз.**
A) Ақылдас.
B) Айт.
C) Оқып отыр.
D) Сұрады.
E) Барған.
61. **Келер шақ етістікті табыңыз.**
A) Олар келді.
B) Мен келемін.
C) Ол келе жатыр.
D) Сендер келгенсіңдер.
E) Ол келіпті.
62. **Қате жазылған сөзді табыңыз.**
A) Адалдық.
B) Дәптер.
C) Жылқы.
D) Аспан.
E) Онер.
63. **Мезгіл үстеуін табыңыз.**
A) Қазір.

- В) Төмен.
- С) Амалсыздан.
- Д) Балаша.
- Е) Әрең.

64. Көп нүктенің орнына қойылатын үстеуді табыңыз.

Самолет ... ұшып барады.

- А) Бүгін.
- В) Біраз.
- С) Асыға.
- Д) Жоғары.
- Е) Кейін.

65. Шылауды табыңыз.

- А) Және.
- В) Сонау.
- С) Екі.
- Д) Көк.
- Е) Аласа.

66. Сұраулы сөйлемді табыңыз.

- А) Кеш жарық!
- В) Бүгін мен үйде боламын.
- С) Үйге кірген Асан ба?
- Д) Кітабынды берші.
- Е) Ақтөбе – үлкен қала.

67. Қазақ тіліндегі сөз таптарының санын табыңыз.

- А) 5.
- В) 3.
- С) 9.
- Д) 7.
- Е) 4.

68. Сөйлемдегі сын есімді табыңыз.

Қыста адамдар жылы киім киеді.

- А) Киім.
- В) Қыста.
- С) Жылы.
- Д) Адамдар.
- Е) Киеді.

69. Құрмалас сөйлемді табыңыз.

- А) Жел тұрды.
- В) Олар өлең айтты, біз би биледік.
- С) Машина қозғалды.
- Д) Ол бесінші қабатта тұрады.
- Е) Бүгін – мереке.

70. Хабарлы сөйлемнің соңынан қойылатын тыныс белгісін табыңыз.

- А) Сұрақ белгісі.
- В) Леп белгісі.

- С) Нүкте.
- Д) Көп нүкте.
- Е) Үтір.

71. **Қаратпа сөзді сөйлемді табыңыз.**

- А) Марат сабағын орындады.
- В) Омар хат жазып отыр.
- С) Меніңше, ол бүгін жақсы сөйледі.
- Д) Тоқта, балам, көмектесіп жібер.
- Е) Сен жұмысыңды бітір.

72. **Ортақ етісті табыңыз.**

- А) Жинасты.
- В) Барғызды.
- С) Барды.
- Д) Жиналды.
- Е) Жинатты.

73. **Көптік жалғаулы сөзді табыңыз.**

- А) Ақынға.
- В) Қыздар.
- С) Кітабым.
- Д) Дәрігермен.
- Е) Оқушымын.

74. **Сөйлемдегі баяндауышты табыңыз.**

Жастар ауылда еңбекке ерте үйренеді.

- А) Ерте.
- В) Ауылда.
- С) Үйренеді.
- Д) Еңбекке.
- Е) Жастар.

75. **«Сәбіз» сөзінің аудармасын табыңыз.**

- А) Огурец.
- В) Лук.
- С) Арбуз.
- Д) Морковь.
- Е) Чеснок.

76. **Қате жазылған сөзді көрсетіңіз.**

- А) Күз.
- В) Шие.
- С) Уақыт.
- Д) Әке.
- Е) Достық.

77. **Бұйрық райды табыңыз.**

- А) Асан сабақ оқыды.
- В) Мен айтсам.
- С) Сен кешікпей кел.
- Д) Сені көргім келеді.

Е) Олар ағаш отырғызды.

78. Көп нүктенің орнына қойылатын жіктік жалғауын табыңыз.

Мен әнші ...

А) – сің.

В) – міз.

С) – сіз.

Д) – мін.

Е) – сың.

79. Көп нүктенің орнына қойылатын сөзді табыңыз.

Ол ... құттықтады.

А) Маған.

В) Менің.

С) Менімен.

Д) Мені.

Е) Менен.

80. Өткен шақ етістікті табыңыз.

А) Көремін.

В) Көріп отырмын.

С) Көргенмін.

Д) Көрмекшімін.

Е) Көремін.

81. Барыс септігіндегі сөзді табыңыз.

А) Мектепте.

В) Мектеппен.

С) Мектепке.

Д) Мектептің.

Е) Мектептен.

82. Көп нүктенің орнына қойылатын есімдікті табыңыз.

... оқуға барамын.

А) Сен.

В) Ол.

С) Мен.

Д) Біз.

Е) Сіз.

83. Дұрыс байланысқан сөйлемді табыңыз.

А) Олар кино ертең көретін болды.

В) Кино олар ертең көретін болды.

С) Кино ертең олар көретін болды.

Д) Олар ертең кино көретін болды.

